

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қоғам арасында баспанасыз қалған халықтың ертеңі не болар?

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.11.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/127166/>

Күнделікті өмірде біз экономикалық ерекшеліктер мен әлеуметтік құрылымдардың өмірімізге әсер ететінің байқамаймыз. Мысалыға, балалардың мектепте нашар оқуы олардың жалқау болғандығынан емес, отбасыда қажетті қаражаттың болмауы немесе психологиялық күйзеліске ұшырауынан болады. Енді бірінде оқуға мүмкіншілігі болғанымен, оқу орнының талабына көнбейді. Баланың сәтсіздікке ұшырап, ұшырамауы әлеуметтік факторларға тікелей байланысты.

Қазіргі экономикалық ахуалға байланысты әлеуметтік тұрғын үйден айырылған жандар өте көп. Жалғыз Қазақстанда ғана емес, көрші елдер мен шет елдерде баспанасыз жүргендер саны шексіз. Бірі үлкен сомалы ипотекаға алып төлей алмаған болса, енді бірінің мұрадан қалған баспаналарын мемлекет тартып алады. Біз бұл проблемаларда, әлеуметтік қиял арқылы, әлеуметтік құрылымдарды, ішінара көрсететін қабілеттерді көре аламыз. Ч. Райт Миллстің айтуы бойынша « Жеке бастағы қиындықтарды (кедейлік, баспанасыз қалу, ажырасу) аса маңызды қоғамдық проблема, жалпыға ортақ проблема».

Әлеуметтік қиял-жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы, адамның жеке бас ерекшеліктерімен салыстырғанда әлеуметтік жағдайларға көбірек байланысты екенің көрсете алады. Осы қиялды дамытқаннан кейін жеке мінез-құлық, адамның жеке тұлғасына байланысты емес екендігің көреміз. Баспанасыз қалу, ажырасу, кедейлік — жеке адам басындағы ауыртпалық болғанымен, бұл проблеманы бірде шеші оңай болмайды. Әлеуметтік қиял- адам өміріндегі қиындықтарға басқа көзқараспен қарап, шешу жолдарын ұсынады. Басымызға туындаған қиындық бізге әрдайым қиын болып көрінуі мүмкін, тек қана осы проблема біздің үстімізге түскендей сезімде жүреміз. Әрине олай емес! Бұл қиындық тек біздің миымызда, ой санамызда ғана. Әртүрлі мәселелерді дұрыс ойлана біліп, позитивты ойлы жүрсек, шешімін міндетті түрде табамыз. Бірақ ең басты мәселенің бірі ол, адам басына қиын күн туғанда тез әуреге салынып, күйзеліске ұшырауы. Егер де біз, кездесетін қиындыққа басқаша көзқараспен қарап оны шеше білсек, әлеуметтік қиялымызды жетілдіре түсеміз.

Автор: Сайляу Айнур Талғатқызы

Тұран университеті

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.